

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы Халықаралық автомобиль қатынасы туралы келісімді ратификациялау туралы

Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 8 желтоқсандағы N 195 Заңы.

Ташкентте 2006 жылғы 20 наурызда қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы Халықаралық автомобиль қатынасы туралы келісім ратификациялансын.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы Халықаралық автомобиль қатынасы туралы КЕЛІСІМ

(2007 жылғы 8 қаңтарда күшіне енді -

Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бюллетені,
2007 ж., N 1, 11-құжат)

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі

Тараптар мемлекеттері арасында жолаушылар мен жүктерді автомобильмен халықаралық тасымалдау саласындағы ынтымақтастықты одан әрі дамыту қажеттілігін басшылыққа ала отырып,

жолаушылар мен жүктерді Тараптар мемлекеттері арасындағы, сондай-ақ олардың аумақтары арқылы транзитпен орындалатын автомобильмен тасымалдауды жүзеге асыруды жеңілдетуге ұмтыла отырып,

осы мәселелерді өзара көмек, ынтымақтастық және өзара тиімділік негізінде реттеуді қалай отырып,

төмендегілер туралы келісті:

Ескерту. Кіріспе жана редакцияда - ҚР 30.10.2017 № 101-VI Заңымен.

I. ҚОЛДАНЫЛУ АЯСЫ

1-бап

1. Осы Келісімнің ережелері жолаушылар мен жүктерді Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы, олардың аумақтары арқылы транзитпен орындалатын автомобильмен халықаралық тасымалдауларға, Тараптардың бірінің мемлекеті аумағында тіркелген автокөлік құралдары жүзеге асыратын үшінші елдерден /елдерге тасымалдарға қолданылады.

2. Осы Келісім Тараптар қатысушылары болып табылатын басқа да халықаралық шарттардан туындайтын олардың құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

Ескерту. 1-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 30.10.2017 № 101-VI Заңымен.

II. АНЫҚТАМАЛАР

2-бап

Осы Келісімнің мақсаттары үшін онда қолданылатын анықтамалар мыналарды білдіреді:

1. "Тасымалдаушы" термині:

Тараптардың бірінің мемлекеті аумағында тіркелген, жолаушылар мен жүктердің халықаралық тасымалдарын ұлттық заңнамаға сәйкес ақы үшін немесе өз есебінен жүзеге асыруға құқығы бар жеке немесе заңды тұлғаны білдіреді.

2. "Автокөлік құралы" термині:

жолаушыларды тасымалдау кезінде - автобус, яғни жолаушыларды тасымалдауға арналған және жүргізушінің орнын қоса алғанда, отыруға арналған кемінде 9 орны бар автокөлік құралын;

жүктерді тасымалдау кезінде - жүк автомобилін, тіркемесі бар жүк автомобилін, автомобильдік тартқышты немесе жартылай тіркемесі бар автомобильдік тартқышты қоса алғанда, жүктерді тасымалдауға арналған автокөлік құралын білдіреді.

3. "Үшінші елдерден/елдерге тасымалдау" термині: жүктерді бір Тарап мемлекетінің аумағында тіркелген автомобиль көлігімен, бірі екінші Тарап мемлекетінің аумағында, ал екіншісі үшінші елдің (осы Келісімге қатысушы емес) аумағында орналасқан пункттер арасында тасымалдауды білдіреді.

4. "Рұқсат" термині:

бір Тарап мемлекетінің құзыретті органы беретін және екінші Тарап мемлекетінде тіркелген автокөлік құралына рұқсатты берген Тарап мемлекетінің аумағы бойынша немесе арқылы жүруге құқық/мүмкіндік беретін құжатты білдіреді.

5. "Арнайы рұқсат" термині:

бір Тарап мемлекетінің құзыретті органы беретін және екінші Тарап мемлекетінде тіркелген автокөлік құралына арнайы рұқсат берген Тарап мемлекетінің аумағы бойынша немесе арқылы арнайы санаттағы тасымалдарды жүзеге асыруға құқық/мүмкіндік беретін құжатты білдіреді.

6. "Қауіпті жүктер" термині:

оларға тән қасиеттерге және ерекшеліктерге байланысты белгілі бір факторлар болған кезде тасымалдау, тиеу-түсіру жұмыстары процесінде тасымалданатын жүктердің, техникалық құралдардың, құрылғылардың, ғимараттар мен құрылыстардың, басқа да объектілердің жарылуына, өртенуіне немесе бүлінуіне, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға зиян келтіруге себеп болуы мүмкін заттарды, материалдарды, бұйымдарды, қалдықтарды білдіреді.

7. "Жолаушылардың тұрақты тасымалдары" термині:

Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары арасында алдын ала келісілген маршруттар, кесте, тарифтер және тасымалдаушы жолаушыларды отырғызуды және түсіруді жүргізетін аялдама пункттері бойынша жүзеге асырылатын жолаушыларды автобуспен тасымалдауды білдіреді.

8. "Жолаушылардың тұрақты емес тасымалдары" термині:

"жолаушылардың тұрақты тасымалдары" деген терминге жатпайтын, жолаушыларды автобустармен тасымалдауды білдіреді.

9. "Транзиттік тасымал" термині:

Жолаушыларды немесе жүктерді Тараптардың бірі мемлекетінің аумағы арқылы тасымалдауды білдіреді, бұл тасымалдау кезінде жөнелту пункті мен межелі пункт осы мемлекеттің аумағынан тыс жерде орналасады.

Ескерту. 2-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 30.10.2017 № 101-VI Заңымен.

III. Жолаушылар мен жүктерді тасымалдау

Ескерту. III-бөлімнің атауы жаңа редакцияда - ҚР 30.10.2017 № 101-VI Заңымен.

3-бап

1. Екі мемлекеттің арасында немесе олардың аумақтары бойынша транзитпен жүк тасымалдау рұқсатсыз жүзеге асырылады.

2. Тараптардың әрқайсысы өз мемлекетінің аумағы бойынша, оның ішінде үшінші мемлекеттен/мемлекетке транзитпен жүретін екінші Тараптың жүк автокөлік құралдарының өтуі үшін қолайлы жағдайды қамтамасыз етеді.

4-бап

1. Тасымалдаушыға екінші Тарап мемлекетінің аумағында орналасқан екі пункттің арасында жүк тасымалдауды жүзеге асыруға рұқсат етілмейді.

2. Егер оған екінші Тараптың құзыретті органының рұқсаты алынса, Тараптардың бірінің мемлекетінің тасымалдаушысы екінші Тарап мемлекетінің аумағынан үшінші

мемлекеттің аумағына және үшінші мемлекеттің аумағынан екінші Тарап мемлекетінің аумағына жүктерді тасымалдауды жүзеге асыра алады.

3. Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары рұқсат бланкілерін алмасу тәртібін өзара келіседі. Бұл бланкілерде рұқсатты берген құзыретті органның мөрі мен жауапты адамның қолы болуға тиіс.

Ескерту. 4-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 30.10.2017 № 101-VI Заңымен.

5-бап

1. Жүксіз немесе жүкпен келе жатқан автокөлік құралының көлемдері мен салмақтық өлшемдері екінші Тарап мемлекетінің аумағында белгіленген нормалардан артық болса, тасымалдаушы екінші Тараптың құзыретті органының арнайы рұқсатын алуы тиіс.

2. Қауіпті жүктерді және әскери құрамдарды тасымалдау, сондай-ақ олардың Тараптар мемлекетінің аумағы бойынша транзиті, аумағында тасымалдау жүзеге асырылатын мемлекеттің ұлттық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

5-1-бап

1. Жолаушылардың тұрақты тасымалдары Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары арасындағы келісу бойынша ұйымдастырылады.

2. Жолаушылардың Тараптар мемлекеттері арасындағы немесе олардың аумақтары арқылы транзитпен орындалатын тұрақты тасымалдары Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары өз мемлекеттерінің аумағы арқылы өтетін маршрут учаскесіне беретін рұқсат негізінде жүзеге асырылады. Рұқсаттарды Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары келісілген тәртіппен 5 жылға дейінгі кезеңге береді.

3. Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары тұрақты тасымалдарды ұйымдастыру туралы ұсыныстарды бір-біріне береді және бұл ұсыныстарда мынадай деректер:

- а) тасымалдаушының атауы;
- б) соңғы автовокзалдар (автостанциялар) көрсетілген жүру маршруты;
- в) қозғалыс кестесі мен тарифтер;
- г) тасымалдарды орындаудың белгіленетін кезеңі мен тұрақтылығы;
- д) тасымалдаушы жолаушыларды отырғызуды және түсіруді жүргізетін аялдама пункттері, сондай-ақ шекараны кесіп өту пункттері;
- е) қызметті бірнеше тасымалдаушы бірлесіп көрсеткен жағдайда, бірлескен шарт қамтылуға тиіс.

4. Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары өз мемлекеттерінің аумақтары арқылы жолаушылардың тұрақты тасымалдарын ұйымдастыру тәртібін (жазбаша нысанда) келіседі.

Ескерту. Келісім 5-1-бапмен толықтырылды - ҚР 30.10.2017 № 101-VI Заңымен.

5-2-бап

1. Осы баптың 2-тармағында көзделген тасымалдарды қоспағанда, жолаушылардың Тараптар мемлекеттері арасындағы немесе олардың аумақтары арқылы транзитпен орындалатын тұрақты емес тасымалдары Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары беретін рұқсат негізінде жүзеге асырылады.

2. Мынадай:

а) егер бүкіл сапар барысында бір ғана сол құрамдағы жолаушылар тобы бір ғана сол автобуспен тасымалданса, және бұл ретте:

не сапар автобус тіркелген Тарап мемлекетінің аумағында басталған және аяқталған ;

не сапар автобус тіркелген Тарап мемлекетінің аумағында басталып, автобус басқа Тарап мемлекетінің аумағынан бос шығып кеткен жағдайда, осы басқа Тарап мемлекетінің аумағында аяқталған;

не автобус осы тасымалдаушының бұрын жеткізген жолаушылар тобын әкету үшін басқа Тарап мемлекетінің аумағына бос кірген,

б) жарамсыз автобус басқа автобуспен алмастырылған жағдайларда, жолаушылардың тұрақты емес тасымалдарын жүзеге асыру үшін осы баптың 1-тармағында көрсетілген рұқсат талап етілмейді.

3. Осы баптың 2-тармағының а) тармақшасында көзделген тасымалдауларды жүзеге асыру кезінде автобус жүргізушісінде Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары келіскен нысан бойынша жасалған жолаушылар тізімі болуға тиіс.

4. Жолаушылардың әрбір тұрақты емес тасымалына, бару және келу үшін бір рейс жасау құқығын беретін жеке рұқсат берілуге тиіс.

Ескерту. Келісім 5-2-бапмен толықтырылды - ҚР 30.10.2017 № 101-VI Заңымен.

IV. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

6-бап

1. Осы Келісім (4-баптың 2-тармағы, 5-баптың 1-тармағы, 5-1-баптың 2-тармағы және 5-2-баптың 1-тармағы) бойынша талап етілетін рұқсаттар, сондай-ақ басқа да тасымалдау құжаттары осы Келісімде көзделген барлық тасымалдар кезінде автокөлік құралында болуға және талап етілген кезде тексеру үшін Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдарының өкілдеріне ұсынылуға тиіс.

2. Тасымалдау құжаттарын жол жүру алдында толық толтыру керек.

Ескерту. 6-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 30.10.2017 № 101-VI Заңымен.

7-бап

1. Бір Тарап мемлекетінің тасымалдаушылары екінші Тарап мемлекетінің ұлттық заңнамасын, сондай-ақ Тараптар мемлекеттері қатысушылары болып табылатын автомобиль тасымалдары саласындағы халықаралық шарттардың ережелерін сақтауға міндетті.

Осы Келісімде көзделген тасымалдар Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес халықаралық автомобиль қозғалысы үшін ашық автомобиль жолдары бойынша жүзеге асырылады. Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары қажетті жағдайда тасымалдау бағытын белгілеуге құқылы.

2. Тасымалдаушы немесе оның жүргізушісі екінші Тарап мемлекетінің аумағында қолданыстағы заңнаманы немесе осы Келісімнің ережелерін бұзған кезде аумағында автокөлік құралдары тіркелген Тарап мемлекетінің құзыретті органдары, аумағында бұзушылық жасалған Тараптың өтініші бойынша мынадай шаралардың бірін қолдануы мүмкін:

- а) тасымалдаушыға қолданыстағы ережелерді сақтау қажеттігі туралы ескерту;
- б) осы Келісімге сәйкес тасымалдауды орындауға уақытша тыйым салу;
- в) жауап беретін тасымалдаушыға рұқсаттарды беруді тоқтату немесе екінші Тарап мемлекетінің құзыретті органы осы тасымалдаушыны тасымалдаудан шеттеткен мерзімге берілген рұқсатын алып қою.

3. Осы баптың 2-тармағының б) тармақшасына сәйкес шараны сондай-ақ аумағында бұзушылық жасалған Тарап мемлекетінің құзыретті органы тікелей қабылдауы мүмкін.

4. Екі Тарап мемлекеттерінің құзыретті органдары қабылданған шаралар туралы бір-бірін хабардар етеді.

5. Тараптар мемлекеттерінің автокөлік құралдарының жүргізушілерінде өзі басқаратын автокөлік құралының санатына сәйкес келетін ұлттық немесе халықаралық жүргізуші куәлігі және 1968 жылғы 8 қарашада Венада жасалған Біріккен Ұлттар Ұйымының Жол қозғалысы туралы конвенциясының талаптарына жауап беретін автокөлік құралына арналған тіркеу куәлігі болуы тиіс.

6. Тараптар мемлекеттерінің автотасымалдаушылары құқық бұзушылық жасағаны үшін аумағында құқық бұзушылық жасалған мемлекеттің ұлттық заңнамасында белгіленген жауапкершілікке тартылады.

8-бап

1. Осы Келісімде көзделген тасымалдарды өз мемлекетінің ұлттық заңнамасына сәйкес халықаралық жолаушылар мен жүктерді тасымалдауды жүзеге асыруға жіберілген тасымалдаушылар ғана орындай алады.

2. Жолаушылар мен жүктердің халықаралық тасымалдарын жүзеге асыратын автокөлік құралдары өз мемлекетінің тіркеу және айырым белгілеріне ие болуға тиіс.

Жүк автомобильдері немесе автомобильдік тартқыштар Тараптар мемлекеттерінің тіркеу және айырым белгілеріне ие болған жағдайда, тіркемелер мен жартылай тіркемелер басқа елдердің тіркеу және айырым белгілеріне ие бола алады.

3. Тараптардың тасымалдаушылары өз аумағында жолаушылар мен жүктердің тасымалдаулары жүзеге асырылатын мемлекеттің жол жүрісі қағидалары мен басқа да заңдарын сақтауға міндетті.

Ескерту. 8-бап жаңа редакцияда - ҚР 30.10.2017 № 101-VI Заңымен.

9-бап

Автокөлік құралдары иелерінің үшінші тұлғаларға келтірілген залал үшін азаматтық жауапкершілігі міндетті сақтандырылған жағдайда, осы Келісім негізінде жолаушылар мен жүктердің тасымалдары жүзеге асырылады. Тасымалдаушы көрсетілген тасымалдарды орындайтын әрбір автокөлік құралын алдын ала сақтандыруға міндетті.

Ескерту. 9-бап жаңа редакцияда - ҚР 30.10.2017 № 101-VI Заңымен.

10-бап

Осы Келісімде, сондай-ақ Тараптардың екеуі де қатысушылары болып табылатын халықаралық шарттарда реттелмеген мәселелер әрбір Тарап мемлекетінің ұлттық заңнамасына сәйкес шешілетін болады.

11-бап

1. Тараптар шудың және пайдаланылған газдағы зиянды заттардың төмен деңгейімен ерекшелінетін, қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қазіргі заманғы жабдықпен жарақталған автокөлік құралдарын пайдалануға ықпал етеді.

2. Осы баптың 1-тармағында көзделген шаралар осы Келісімнің 14-бабына сәйкес құрылған Бірлескен комиссиямен қосымша келісілетін болады.

12-бап

1. Осы Келісімнің негізінде тасымалдарды орындау кезінде Тараптар мемлекеттерінің аумағына әкелінетін:

а) автокөлік құралының әрбір моделі үшін жасаушы көздеген, қозғалтқыштың қоректендіру жүйесімен технологиялық және конструкциялық байланыстағы

стандартты сыйымдылықтардағы, сондай-ақ рефрижераторлармен және автокөлік құралдарындағы басқа да қондырғылармен технологиялық байланысқан қосымша сыйымдылықтардағы жанармай;

б) жолаушылар мен жүктерді тасымалдау уақытында пайдалану үшін қажетті мөлшердегі жағармай материалдары;

в) жолаушылар мен жүктердің халықаралық тасымалын жүзеге асыратын автокөлік құралын жөндеуге арналған қосалқы бөлшектер мен құрал-саймандар кедендік төлемдер мен алымдарды төлеуден өзара босатылады.

Пайдаланылмаған қосалқы бөлшектер қайта алып кетуге жатады, ал ауыстырылған қосалқы бөлшектер мемлекеттен шығарылуы не жойылуы не тиісті Тарап мемлекетінің аумағында белгіленген тәртіппен тапсырылуы тиіс.

2. Осы Келісім шеңберінде жолаушылар мен жүктердің тасымалдарын жүзеге асыратын автокөлік құралдары автокөлік құралдарын иеленуге немесе пайдалануға байланысты алымдар мен төлемдерден, егер ақылы автомобиль жолдарын, автомагистральдарды, көпірлер мен тоннельдерді пайдаланғаны үшін алымдар мен төлемдер басқа Тарап мемлекетінің автокөлік құралдарынан өндіріп алынатын болса, осындай алымдар мен төлемдерді қоспағанда, осы мемлекеттің автомобиль жолдарын пайдалануға немесе күтіп ұстауға байланысты алымдар мен төлемдерден өзара босатылады.

3. Сондай-ақ Тараптар екі елдің тасымалдаушыларын Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес, осы мемлекеттердің аумағы бойынша транзитпен тасымалданатын жүктерден алынатын депозиттік және кепілдік сомалар төлемдерінен өзара босатады.

Ескерту. 12-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 30.10.2017 № 101-VI Заңымен.

13-бап

1. Шекаралық, кедендік, санитарлық және ветеринариялық, сондай-ақ фитосанитарлық бақылауға және шекарадан өтуге байланысты қоршаған ортаны қорғау жөніндегі бақылауға қатысты, Тараптар мемлекеттері қатысушылары болып табылатын халықаралық шарттардың ережелері қолданылады, ал осы шарттарда реттелмеген мәселелерді шешу кезінде әрбір Тараптардың әр мемлекетінің заңнамасы қолданылады.

2. Шекаралық, кедендік және санитарлық, ветеринариялық, сондай-ақ фитосанитарлық бақылау автокөлік құралымен жануарларды, тез бүлінетін және қауіпті жүктерді тасымалдау кезінде басым тәртіппен жүзеге асырылады.

V. БІРЛЕСКЕН КОМИССИЯ

14-бап

1. Осы Келісімді орындау және оған байланысты мәселелерді талқылау үшін құрамына Тараптар мемлекетінің құзыретті органдарының өкілдері кіретін Бірлескен Комиссия құрылады.

2. Бірлескен Комиссияның мәжілістері қажет болған жағдайда Тараптардың бірінің мемлекеттерінің құзыретті органдарының ұсынысы бойынша өткізіледі.

3. Бірлескен Комиссия қажет болған жағдайда Осы Келісімнің ережелерін өзгерту жөніндегі ұсыныстарды басқа құзыретті органдардың қатысуымен әзірлейді.

15-бап

1. Тараптар Атқару Хаттамасында Осы Келісімнің орындалу тәртібін белгілейді.

Атқару Хаттамасына Келісіммен бір уақытта қол қойылады және ол оның ажырамас бөлігі болып табылады.

2. Осы Келісімге осы Келісімді қолдану туралы Атқару Хаттамасына Тараптардың өзара уағдаластығы бойынша осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын жекелеген хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

3. Тараптар осы Келісімнің ережелерін түсіндіру мен қолдануға байланысты туындауы мүмкін барлық даулар мен келіспеушіліктерді Тараптардың Бірлескен Комиссиясы шеңберінде өткізілетін консультациялар мен келіссөздер жолымен шешетін болады.

VI. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

16-бап

Осы Келісім оған қол қойылған күннен бастап уақытша қолданылады және оның күшіне енуі үшін қажетті барлық мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған күннен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім белгіленбеген мерзімге жасалды және Тараптардың бірі екінші Тарапты өзінің оның қолданылуын тоқтату ниеті туралы жазбаша хабардар еткен күннен бастап алты ай өткенге дейін күшінде қалады.

2006 жылғы 20 наурызда Ташкент қаласында әрқайсысы қазақ, өзбек және орыс тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды, бұл ретте барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Өзбекстан Республикасының
Үкіметі үшін

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы Халықаралық автомобиль қатынасы туралы келісімді қолдану туралы АТҚАРУ ХАТТАМАСЫ

(2007 жылғы 8 қаңтарда күшіне енді - СИМ-нің ресми сайты)

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі (бұдан әрі Тараптар деп аталатын) 2006 жылғы 20 наурыздағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы Халықаралық автомобиль қатынасы туралы келісімді (бұдан әрі - Келісім) қолдану ережелерін белгілеу мақсатында,

төмендегілер туралы уағдаласты:

1. Келісімнің құзыретті органдары мыналар:

Қазақстан Республикасы тарапынан:

Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігі.

Өзбекстан Республикасы тарапынан:

Өзбек автомобиль және өзен көлігі агенттігі, Өзбекстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Мемлекеттік кеден комитеті және Автомобиль жолдары жөніндегі мемлекеттік комитеті болып табылады.

Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдарының ресми атаулары өзгерген жағдайда, Тараптар бір-бірін дипломатиялық арналар арқылы дереу хабардар етеді.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР 30.10.2017 № 101-VI Заңымен.

2. Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары Келісімнің орындалу барысы, халықаралық автомобиль тасымалына, салық және кедендік алымдарға байланысты мемлекет заңнамасындағы өзгерістер, алдыңғы жылғы тасымалдардың жай-күйі, шекаралық өтпелер жұмысының режимдері және жүктер тасымалын жетілдіруге бағытталған басқа да мәселелер туралы бір-бірін хабардар етеді.

3. Осы Атқару Хаттамасы Келісіммен бір уақытта күшіне енеді.

2006 жылғы 20 наурызда Ташкент қаласында әрқайсысы қазақ, өзбек және орыс тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды, бұл ретте барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Атқару Хаттамасының ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Өзбекстан Республикасының
Үкіметі үшін

РҚАО-ның ескертуі. Келісімнің қазақ тіліндегі мәтіні өзбек тілінде қайталаңады (қағаз мәтінінен қараңыз).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК